



ҚОРДАЛАНҒАН МӘСЕЛЕЛЕР КӨТЕРІЛДІ

4-БЕТ | ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ



ҚАРЫЗСЫЗ ҚОҒАМҒА ҚАЛАЙ АЙНАЛАМЫЗ?

8-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ

“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Ерте ме, кеш пе, кез келген мемлекет түрлі сынаққа тап болуы мүмкін. Сондай кезде ел өмірінде күрделі әрі түбегейлі бетбұрыс жасалады. Біз де осындай жаңғыру жолымен жүріп келеміз. Сын-қатерлерге төтеп беріп, қиын сәтте ұжымдасып, шұғыл жұмыс істеуді үйреніп жатырмыз. Шын мәнінде, мұның бәрі – баға жетпес тәжірибе. Еліміз соңғы жылдары аса күрделі сынақтардың тағы бір тарихи кезеңін бастан өткеріп жатыр. Бірлік пен ынтымақтың арқасында бұл қиындықтың бәрін жеңеміз. Шынығып, ширап, бұрынғыдан да мықты болып шығамыз.

№53
(4641)
Сенбі
4 мамыр
2024 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ АРТАДЫ

Астана қаласы мәслихатының делегациясы Марокко Корольдігіне ресми сапармен барып келді. Сапар барысында Астана мен Рабат қалалары арасындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Астана делегациясы Рабат қаласындағы коммуналдық қызметпен, көлік инфрақұрылымымен танысты. Сапар аясында бизнес және мәдени қарым-қатынас жағы да талқыланды. Жақын арада бірлескен бизнес-форум өткізу және Рабатта Астана қаласының мәдени күндерін өткізу келісілді.

3-БЕТ | ЕЛ ТЫНЫСЫ

ҚАРУЛЫ КҮШТЕР – ҚУАТТЫ ҚАЛҚАН

Ұлттық ұланның авиация базасының ашылу салтанатына Мемлекет басшысы – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қатысып, жаңа нысанның маңызын атап өтті.

ЖЕҢІС КҮНІНЕ АРНАЛАДЫ

6 мамыр күні елордадағы Триатлон саябағында астаналық мектептердің 8-11-сынып оқушылары мен студенттер арасында Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күніне арналған жеңілатлетикалық эстафета жарысы өтеді.

Эстафета жарысына спорттық дайындығы бар және медициналық тексеруден өткен оқушылар мен студенттер ғана қатыса алады. Команда өкілдерінің эстафетаға қатысуға басшы мен дәрігер куәландырған өтінімі болуы қажет. Жарыстың өтетін уақыты: 15:00.



ӘЗІРГЕ 50 ЛИЦЕНЗИЯ БАР

Халықаралық Олимпиада комитетінің медиаплатформасында жарысқа қатысушы елдердің лицензиясы жөнінде мәлімет жарияланды.

Биыл Парижде өтетін Олимпиада ойындарына қатысатын Қазақстан ұлттық құрамасы әзірге 16 спорт бойынша 50 лицензия алып үлгерген. Атап айтқанда, бокс – 7, балуан – 7, мылтық ату – 5, байдарка және каноэ есу – 3, веложарыс – 3, сондай-ақ садақ атудан, семсерлесуден, спорттық гимнастика, қазіргі бейсбол, жеңіл атлетика, бадминтон, таэквондо, көркем гимнастика сияқты спорт түрлері бойынша жолдама иегерлері бар. Қазақстан спортшылары әлі де бірнеше спорт түрі бойынша лицензиялық жарыстарға қатысады.

ЖОЛАҚЫ ӨЗГЕРЕДІ

Елордадағы қоғамдық көліктің жолақысы 20 теңгеге қымбаттайды. Бұған себеп – 10 жылдан бері жанармай бағасы мен жүргізушілер жалақысы өзгерген.

«Біз қоғамдық көлік ақысын жазда өзгертуді жоспарлап отырмыз. Жолақы көлемі 10 жылдан бері өзгермеді. Сондықтан да 110 теңге болады деп күтілуде. Себебі осы уақытқа дейін жанармай да қымбаттады, автобус жүргізушілерінің жалақысы да өзгерді. Бүгінде әкімдік әрбір жолаушыға 250-300 теңге шамасында субсидия төлеп отыр» деді Жеңіс Қасымбек Алматы ауданы тұрғындарымен кездесуінде.



ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 475.38 \$ USD/KZT 446.49 ₪ RUB/KZT 4.79 ¥ CNY/KZT 61.66

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



ҚАРУЛЫ КҮШТЕР – ҚУАТТЫ ҚАЛҚАН

Президент – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Астана қаласында Ұлттық ұланның авиация базасының ашылу рәсімі өтті.

Мемлекет басшысы, ең алдымен, жиынға қатысушыларды алдағы Отан қорғаушылар күнімен құттықтап, бұл отаншылдық сезімді оятып, жауынгерлік рухты арттыратын мәртебелі мереке екенін айтты. Сонымен қатар Қарулы Күштерді егемен еліміздің мықты қалқаны, бейбітшілік пен тұрақтылықтың мызғымас тірегі ретінде атап өтті.

«Авиациялық базаның ашылуы – Ұлттық ұлан ғана емес, бүкіл әскеріміз үшін айтулы оқиға. Бұл база күштік құрылымдардың әлеуетін едәуір арттыруға мүмкіндік береді. Ұшқыштардың шұғыл әрекет етуіне жағдай жасайды. Мемлекет Қарулы Күштерді жабдықтап, әскери инфрақұрылымды дамыту мәселесін айрықша назарда ұстайды» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент еліміздің бірқатар өңірінде болған алапат тасқынға қарсы күресте сарбаздардың алдыңғы шептен табылып, антқа адал болудың озық үлгісін көрсеткеніне тоқталды.

«Осы орайда мен әскери ұшқыштардың кәсіби тұрғыдан білікті және шебер әрекетін ерекше атап өткім келеді. Олар зардап шеккен аймақтарға гуманитарлық жүк жеткізді. Азаматтарды

қауіпсіз жерге көшірді. Соның бәрін мінсіз атқарды. Осындай қиын-қыстау кезде халықпен бірге болған сарбаздарға зор ризашылығымды білдіремін» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы әскеріміздің сапында өз ісінің нағыз кәсіби мамандары қызмет ететінін жеткізді. Оның айтуынша, Қазақстанның әскери қызметшілері БҰҰ аясындағы түрлі халықаралық миссияларға қатысып, бітімгерлік борыштарын табысты атқарып келеді. Биыл олар өз міндеттерін едәуір арттыруға мүмкіндік береді. Ұшқыштардың шұғыл әрекет етуіне жағдай жасайды. Мемлекет Қарулы Күштерді жабдықтап, әскери инфрақұрылымды дамыту мәселесін айрықша назарда ұстайды» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«Халқымыз ержүрек жауынгерлерін қадір тұтқан, оларға құрмет көрсеткен. Мен Ұлттық құрылтайдың Атыраудағы отырысында Талдықорған қаласындағы әскери авиабазаға жерлесіміз, екі мәрте Кеңес Одағының Батыры Сергей Луганскийдің атын беру туралы тапсырма бердім. Алматылық даңқты ұшқыштың өнегелі өмірі ұрпаққа әрдайым үлгі болуы керек. Мұндай бастама ұлттық әскеріміздің беделін арттыра түсетіні сөзсіз. Ел үшін жасалған ерлік есқашан

ұмытылмайды» деді Мемлекет басшысы.

Президент әскери қызметшілердің ержүрек батырлармен даңқты бабалардың жолын абыроймен жалғастырып келе жатқанын айтып, олардың Отан алдындағы қызметтеріне табыс тіледі. Салтанатты рәсім барысында Мемлекет басшысына Қарулы Күштердің басқа да әскери құрамалардың ұшақтары мен тікұшақтарының, жауынгерлік және арнаулы техникаларының жаңа үлгілері таныстырылды.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев авиабазадағы бірқатар инфрақұрылымдық нысанды аралап көрді. Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұланның Бас қолбасшысы Еркін Ботақанов жауынгерлік тапсырмаларды өз деңгейінде орындау үшін Президент әскери қалашықтың Даңқ залына барып, Құрметті қонақтар кітабына қолтаңба қалдырды. Авиабазаның Астана әуе айлағында орналасуы жеке құрам мен техниканы қажет жеріне уақытылы жеткізуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ әуеден барлау жүргізу, зардап шеккендерді эвакуациялау кезінде Ұлттық ұланның бөлімшелеріне авиациялық қолдау көрсетеді.



ӨЗЕКТІ МІНДЕТІН АЙҚЫНДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Астана» халықаралық қаржы орталығының басқарушысы Ренат Бектұровты қабылдады. Президентке АХҚО-ның былтырғы және биылғы I тоқсанда атқарған жұмысының нәтижелері баяндалып, орталықты дамыту жоспары таныстырылды.

Ренат Бектұровтың айтуынша, Қаржы орталығы іске қосылған сәттен бері елімізге 11 миллиард доллардан астам (2023 жылғы және осы жылдың алғашқы 3 айындағы 3,5 миллиард доллар қаржыны қоса алғанда) инвестиция тартуға атсалысқан. Бұл 2025 жылға алдын ала белгіленген мақсатты көрсеткіштен асып түсті.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа өткен жылы АХҚО-да тіркелген компаниялардың саны 670-тен (жалпы әлемнің 78 елінен 2600-ден аса компания) асқаны жөнінде мәлімет берілді. Бұл – рекордтық көрсеткіш. Былтыр

және осы жылдың алғашқы үш айында орталық қатысушылары мемлекет бюджетіне 48,7 миллиард теңге салық төлеген. Дауларды шешуде АХҚО соты мен Халықаралық арбитраж орталығы сияқты институттар табысты жұмыс істеп жатыр. 2023 жылы 767 коммерциялық іс қаралған.

Президент Қаржы орталығын одан әрі дамытуға қатысты бірқатар өзекті міндетті айқындап берді. Атап айтқанда, АХҚО-ның өңір үшін жасыл қор тарту және Орта дәлізді дамыту ісіндегі рөліне тоқталды. Еліміздегі «жасыл» облигациялар мен кредиттердің

60 пайыздан астамы АХҚО Жасыл қаржы орталығының қолдауымен берілді. Қаржы орталығының юрисдикциясында Орта дәліз жобасы аясында бірлескен кәсіпорындар жұмыс істеп жатыр.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі жағдайда мәмілелер жасау үшін АХҚО инфрақұрылымын белсенді пайдалана отырып, Қазақстан экономикасына инвестиция тартуға көмектесетін барлық мемлекеттік орган мен оған жетекшілік ететін қаржы институттарының күш-жігерін біріктіру қажет екеніне назар аударды.



ҚАРЖЫ МИНИСТРІН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қаржы министрі Мәди Такиевті қабылдады. Президентке мемлекеттік қаржының негізгі параметрлері, оның ішінде биылғы I тоқсанда жұмсалған республикалық бюджет қаражаты туралы есеп берілді. Осы ретте 3 айдың қорытындысы бойынша мемлекеттік бюджетке 4,5 триллион теңгеге жуық кіріс кірген.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа өнімсіз бюджет шығындарын оңтайландыру жұмыстары жөнінде мәлімет берілді. Мәди Такиевтің айтуынша, жүргізілген сараптама нәтижесінде биыл 300 миллиард теңгеден астам соманы қысқарту ұсынылған. Бұл қаражат экономикалық қайтарымы барынша жоғары шараларға жұмсалады.

Мемлекет басшысына бюджетті басқару тиімділігін арттыру бағытында қабылданып жатқан жұмыстар туралы баяндалды. Аталған іс-шаралар жаңа Бюджет кодексіне енгізілген. Бұдан бөлек, Президентке салықтық-кедендік әкімшілендіру ісіндегі жаңа бастамалар таныстырылды. Министрдің айтуынша, жаңа Салық кодексінің жобасында салықтық әкімшілендірудің

сервистік моделі енгізілген, тексерулер санын қысқарту жөніндегі нормалар қарастырылған, камералық бақылау және салық берешегін өндіріп алу тәсілдері өзгертілген.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаевқа Еуразиялық экономикалық одақтың үшінші елдермен кедендік шекарасындағы инфрақұрылымды жаңғырту жұмыстары жөнінде ақпарат берілді. Жобаның жүзеге асырылуы өткізу мүмкіндігін 6 есеге дейін ұлғайтып, өту уақытын 2 есе қысқартуға, сондай-ақ тауарлар мен көлік құралдарын тексеру ісін тәулік бойы онлайн режимде бақылауға мүмкіндік береді. Барлық өткізу пунктін реконструкциялау жұмыстарын жыл соңына қарай аяқтау жоспарланып отыр.

Мәди Такиев мемлекеттік сатып алу жүйесін реформалау жоспары жөнінде айтты. Оның мәліметінше, «Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа заң жобасында сатып алу рәсімдерін жеңілдету және бюрократиядан арылту, құрылыс нарығында монополияға жол бермеу, барлық мемлекеттік және квазимемлекеттік ұйымның сатып алуларын бірыңғай платформаға көшіру көзделген.

Кездесу соңында Президент мемлекеттік қаржының жағдайын жақсарту, атап айтқанда, бюджеттің теңгерімін қамтамасыз ету, сондай-ақ салықтық және кедендік әкімшілендіру салаларын цифрландыру арқылы жетілдіру жөнінде бірқатар тапсырма берді.

ХОККЕЙДІ ДАМУ ТУРАСЫНДА ЖАҢЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей хоккей федерациясының президенті Владислав Третьякты қабылдады. Кездесуде ТМД елдерінде хоккейді дамыту мәселелері талқыланды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев соңғы жылдары Қазақстанда хоккей спортының ауқымы айтарлықтай кеңейгенін атап өтті. Мемлекет басшысының пікірінше, елордалық «Барыс» клубы бастаған отандық командалардың ҚХЛ чемпионатына және басқа да турнирлерге қатысуы, сондай-ақ ұлттық құрамның әлемдік біріншіліктерде

табысты өнер көрсетуі аталған спорт түрін кеңінен дәріптеуге оң ықпал етеді. Атап айтқанда, Қазақстанда хоккей мектептері мен жастар командалары көбейіп, түрлі деңгейдегі жарыстар белсенді ұйымдастырыла бастады.

Өз кезегінде Владислав Третьяк қонақжайлық танытқаны және Астанада өтіп жатқан

«Qazaqstan Hockey Open 2024» халықаралық турнирінің жоғары деңгейде ұйымдастырылғаны үшін ризашылығын білдірді. Сондай-ақ ол Қазақстан хоккейінің өкілдері едәуір табысқа жеткеніне назар аударып, мұндай жетістік спорттың командалық түрлеріне мемлекет тарапынан лайықты деңгейде мән берілуінің нәтижесі екенін айтты.



АСТАНА-РАБАТ: ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ АРТАДЫ

Төлен ТІЛЕУБАЙ

(Соңы. Басы 1-бетте)

ЖОЛ КАРТАСЫНЫҢ ЖОСПАРЫНА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Астана мен Рабат арасындағы ынтымақтастықтың жол картасын жүзеге асыру жоспарына Рабат коммуналық кеңесінің төрағасы Фатиха әл-Мудни елордалық делегацияның Марокко Корольдігіне ресми сапары барысында қол қойды. Бұл туралы Ерлан Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында былай деп жазды: «2024-2027 жылдарға арналған құжат урбанистика, мәдени мұраны сақтау және көбейту, инвестиция мен туризм, қоршаған ортаны қорғау, мәдениет және цифрландыру саласындағы ынтымақтастықты көздейді. Мысалы, Марокко тарапын Астананың iKomek109 жүйесін, сондай-ақ Birge порталын қолдануға енгізу тәжірибесі қызықты. Өткен жылы Астананың 25 жылдық мерейтойын мерекелеу күндері, 10 елден 17 қала басшысы қатысқан бауырлас қалалардың жыл сайынғы форумы барысында Рабат қаласының бірінші әйел мэрі Асмаа Рхалаумен кездестік. Біз іскерлік аудандарда тәжірибе алмасу және өзге де мәселелерді талқыладық. 2023 жылдың 3 шілдесінде екі астананың басшылары арасында осы салалардағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды, ал біздің қалалар бауырлас болды».

РАБАТТА – АСТАНАНЫҢ МӘДЕНИ КҮНДЕРІ

Екі елдің астаналары арасындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылғаннан кейін елордалық делегация мүшелері Мароккодағы «Friginvest» инвестиция агенттігінің жұмысымен танысты.

«Бұл агенттік қазақстандық «Қазақинвест» сияқты елге инвестициялар тартумен айналыса-

ды. Марокко – дамыған мемлекет, үш француз автозауытының өкілдіктері бар, сондай-ақ авиаконструкторлық әзірлемелермен айналысады (Airbus үшін қосалқы бөлшектер шығарады). Бұл елдің тоқыма өнеркәсібіне тоқталатын болсақ, әлемдік деңгейдегі киім брендтерін өндіреді. Өйткені бұл елдің еркін экономикалық аймақтары мен технопарктері белсенді дамуда. Сонымен қатар Марокконың мұхит пен Еуропаға шығуға мүмкіндігі бар, ал Гибралтар бұғазы арқылы Испанияға дейінгі қашықтық шамамен 14 шақырымды құрайды. Жақын арада елдеріміздің арасында бірлескен бизнес-форумды өткізу жоспарлануда. Ал биыл қазан айында Рабатта Астана қаласының мәдени күндері өтеді» деп жазды Е.Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында.

АРЗАН ТАКСИІ БАР ЕЛ

Мароккода трамвай көлігін пайдалану өте жақсы дамыған. Мысалы, елдің екі қаласы – Рабат пен Салені байланыстыратын трамвай күніне 150000 жолаушыны тасымалдайды екен. Ерлан Каналимов Марокконың қоғамдық көлігі туралы қызықты да пайдалы ақпараттармен әлеуметтік желідегі парақшасында бөлісті.

«Жылына 33 миллион сапар, күніне 150 мың жолаушы, 5300 тікелей және жанама жұмыс орындары, жобаның құны шамамен 60 миллион еуроны құрайды, ал билетсіз жүретін жолаушылардың үлесі – небәрі 0,46. Келтіріліп отырған бұл сандар Марокконың екі қаласы – Рабат пен Салені байланыстыратын трамвай көлігі туралы. Трамвай депосының ұзындығы – 1,7 және 2,4 шақырым болатын екі желі, жол жүру бағасы – шамамен 220 теңге, бұл ретте трамвайлар жылына 33 млн сапарды жүзеге асырады, тәулігіне небәрі 5 минут аралықпен 150 мың жолаушыны тасымалдайды, бұл салада 5,5 мыңға жуық адам жұмыспен қамтамасыз етілген» деп жазды мәслихат төрағасы.

Оның айтуынша, Рабат қаласында 350-ге жуық қоғамдық көлік бар, сондай-ақ арзан таксилер жолаушыларды тасымалдайды. Төлем валидация көмегімен жүзеге асады.

«Трамвай мен автобустарда бақылаушы қызметкерлер жұмыс істейді, сол себепті бұл елде билетсіз жүретін жолаушылардың үлесі төмен. Елордада жолаушылардың 30 пайызға жуығы жол ақысын төлемейді. Бұл елде жүзеге асып жатқан жұмыстар – елордамыз үшін пайдалы тәжірибе. Ал экология тұрғысынан айтатын болсақ, трамвайлар қоршаған орта үшін тиімді» деп түсіндірді Е.Каналимов.

БІЗГЕ КЕРЕК ТӘЖІРИБЕ

Рабат қаласында елордалық мәслихат депутаттары коммуналық қызметтердің жұмысын үйлестіретін, сол арқылы зор табысқа кенеліп отырған компанияның қызметімен танысты.

«Барлық коммуналық қызмет мемлекеттік-жекеменшік әріптестік шеңберінде жұмыс істейді және барлық шарт 20 жыл мерзімге жасалады. Сапар барысында 3 жыл бойы жүйелі жұмыс істеген қоқыс шығаратын компаниямен ынтымақтастық тоқтатылды. Қызмет көрсету бойынша барлық ұсыныс (инвестиция ұсыныстары) халықаралық қоғамдастықта жарияланады. Мысалы, бұл елде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласына француз және испан компаниялары қызмет көрсетеді. Қоқыс шығарылғаннан кейін қалдықтар мен сулар тазартылады және суару мақсатында қолданылады. Сондай-ақ коммуналық қызметтер агломерацияда жұмыс істейді және жақын маңдағы елді мекендерге қызмет көрсетеді. Бүкіл тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы жүйесі табыс тауып, бюджетке айтарлықтай қаражат әкеледі. Бұл тәжірибені жақын арада талқылаймыз» деп жазды бұл туралы Е.Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында.

БАҒА ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ – НАЗАРДА

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен кеңесте маусымаралық кезеңде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік пен көкөністер бағасының тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар талқыланды. Қазақстанда әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының баға индексі үш апта қатарынан төмендеп келеді. Бағаның төмендеуі қарақұмық жармасы, пияз, күнбағыс майы, ұн және басқа да өнімдер бойынша байқалып отыр.

Маусымаралық кезеңде көкөніс бағасының анағұрлым ауытқуына жол бермеу үшін Үкімет Өзбекстан және Тәжікстан жеткізушілерімен тікелей келісімшарт жасау мүмкіндіктерін алдын ала пысықтады. Сауда және интеграция министрлігінің ведомстволық бағыныстағы ұйымы – «QazTrade» АҚ өзбек және тәжік серіктестерімен тиісті шарттарға қол қойды.

Көкөністер Қазақстан нарығына «жасыл дәліз» арқылы және делдалдар мен алыпсатарларсыз тиімдірек бағамен жеткізіледі. 9 ӘКК-мен жалпы көлемі 4 мың тонна болатын импорттық көкөністерді, оның ішінде 2060 тонна картоп пен 1940 тонна пияз жеткізуге шарттар жасалды. Қазақстанның барлық өңірінің қажеттіліктерін қамтамасыз ету және маусымаралық кезеңде көкөністер бағасының ауытқуын болдырмау үшін Премьер-министр келісімшарттарды уақытты бекітуді және өнімнің үздіксіз жеткізілуін қамтамасыз етуді тапсырды. Жалпы алғанда,

өкімдіктерге кемінде 18,6 мың тонна картоп, 7,2 мың тонна сәбіз және 5 мың тонна пиязға үшін Үкімет Өзбекстан және Тәжікстан жеткізушілерімен тікелей келісімшарт жасау мүмкіндіктерін алдын ала пысықтады. Сауда және интеграция министрлігінің ведомстволық бағыныстағы ұйымы – «QazTrade» АҚ өзбек және тәжік серіктестерімен тиісті шарттарға қол қойды.

Сонымен қатар жиында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерін өткізу кезіндегі талаптардың сақталуын мемлекеттік бақылау нәтижелері қаралды. Министрлік жыл басынан бері мүдделі органдармен бірлесіп, тауарлық үстеме бағаны асырған 732 фактіні анықтап, 1 мыңнан астам өкімшілік іс қозғалды, 109 өнімсіз делдал алып тасталды. Жалпы жыл басынан бері баға белгілеуге әсер ететін 2,5 мыңнан астам тізбекке талдау жасалып, сауда, салық және монополияға қарсы заңнамаларды бұзудың 800-ден астам тәуекелі анықталды. Барлық анықталған фактілер бойынша ақпарат жедел шара қолдану үшін уәкілетті органдарға жолданды. Бақылау-фискалдық және құқық қорғау органдарын тарту арқылы өңірлік

комиссиялардың қызметі қайта қаралып, күшейтілді.

Үкімет басшысы кейбір тауарлар бойынша бағаның өсуі тіркелген Жамбыл және Абай облыстары өкімдеріне оларды тұрақтандыру іс-шараларын күшейтуді тапсырды. Сауда министрлігіне бағаның өзгеруіне күн сайын талдау жүргізу, Ауыл шаруашылығы министрлігіне нарықты отандық өніммен сапалы әрі толық көлемде қамтып, агроөнеркәсіп кешені саласындағы өңдеу көлемін арттыру жөніндегі барлық жоспарланған іс-шараларды іске асыру жеткізілді.

«Халықты сапалы әрі қымбат емес өнімдермен қамтамасыз ету – Үкімет пен жергілікті билік органдарының басты міндетінің бірі. Делдалдарсыз және бағаға қатысты алаяқтыққа жол бермейтін тікелей жеткізілім қажет. Әкімдер құқық қорғау органдарымен бірлесіп, бұл мәселеде тәртіп пен ашықтықты қамтамасыз етуге тиіс» деп атап өтті Олжас Бектенов.



БАЛАЛАРДЫҢ 88 ПАЙЫЗЫ ДЕМАЛЫСПЕН ҚАМТЫЛАДЫ

Оқу жылының аяқталуына бір айға жуық уақыт қалды. Оқу-ағарту министрлігі мен облыс әкімдіктері балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру бойынша жұмыс атқаруда. Әр өңір бойынша іс-шаралар жоспары Премьер-министрдің орынбасары Тамара Дүйсенованың төрағалығымен өткен кеңестерде қаралуда.

Оқу-ағарту министрлігінің мәліметі бойынша 1-10-сынып аралығындағы оқушылар саны 3,1 млн-нан асады. Ведомство олардың 88 пайызын белсенді жазғы демалыспен қамтуды жоспарлап отыр. Өңірлерде балалардың тізімі түгенделіп, лагерлердегі орындар әзірленіп жатыр. Бірінші кезекте ондағы санитарлық талаптардың сақталуына мән берілмек. Жалпы, балалар үшін жыл бойы қызмет ететін, маусымдық және мектеп жанындағы лагерлер жұмыс істейді.

Сонымен қатар биыл аймақтарда қанатқақты бірнеше жаңа жоба жүзеге аспақ. Мәселен, Қарағанды облысында IT-лагерь ашу жоспарланып отыр. Өңір әкімінің орынбасары Ерлан Құсайынның сөзінше, Темір-таудағы жоғары политехника колледжі базасында 100 бала, демалыстан бөлек, IT мамандықтың қыр-сырымен таныспақ. Алдағы уақытта бұл тәжірибені кеңейту жағы

да қарастырылып жатыр.

Ал Шығыс Қазақстан облысында «Қонақжай отбасы» жобасы қолға алынған. Оның аясында 120 бала үшін Қатонқарағай, Глубоко аудандары мен Риддер қаласында танымдық іс-шаралар ұйымдастыру көзделген.

«Балалар ауылдық жердегі отбасыларда уақытша қоныстанады. Ондағы ата-аналардың бірі педагог болуы керек. Сондай-ақ балаларға қажетті бөлек бөлмесі, санитарлық талаптардың сақталуы жеті қадағаланады. Жобаға қатысатын отбасыларға арнайы ақы қарастырылған. Отбасылық лагерде балаларға ауылдың тұрмысы, салт-дәстүріміз бен мәдени мұраларымыз таныстырылып, тарихи орындар көрсетіледі» деді облыс әкімінің орынбасары Дархан Сапанов.

Ұлттық дәстүрді дәріптеуді Павлодар облысында этнолагерлер ұйымдастыру арқылы қолға алуды мақсат етіп отыр.

«Өңірлердегі үздік тәжірибелерді кенінен тарату жағын қарастыру керек. Біз үшін ең маңыздысы – лагерь баратын балалардың қауіпсіздігі. Сондықтан мүдделі мемлекеттік органдар мен жергілікті әкімдіктер бұл істе бірігіп жұмыс істеуі керек. Демалыстан, сауықтырудан бөлек, балалардың жан-жақты дамуына қатысты шаралардың мазмұнына баса мән берген жөн. Оқу-ағарту министрлігі бұл жұмысты тұрақты бақылауында ұстауы қажет. Ата-аналарға ұсынылатын жазғы демалыс түрлері бойынша ақпарат-насихат жұмыстарын жүргізген жөн» деп атап өтті Тамара Дүйсенова.

Елдегі су тасқынына байланысты бірқатар өңірдің оқушылары уақытша оқу-сауықтыру орталықтары мен балалар лагерлеріне орналастырылды. Қазіргі таңда 651 балаға демалыс орындарында тұруға, тамақтануға, оқуға барлық жағдай жасалған.



ТАРИХЫ 7 НАУРЫЗДАН БАСТАЛАДЫ

1994 жылғы 7 наурызда Ақмола қаласының I шақырылымдағы мәслихат депутаттарының сайлауы өтті. Оған қаланың 26 сайлау округінен 83 үміткер қатысты. Нәтижесінде мәслихат құрамына 6 ұлт өкілі, 20 ер адам, 6 әйел сайланды. Депутат болған 24 адамның жоғары білімі бар, тек 2-інің ғана орта арнайы білімі болды. Алғашқы шақырылым депутатының қатарында 4 педагог, 5 дәрігер, 6 кәсіпкер болғанын біреу білсе, біреу білмейді. Мәслихат төрағасы болып Александр Миронов сайланды. Юрий Уваров тексеру комиссиясының төрағасы болды. Николай Мещеряков, Владимир Каминский, Балхия Сүлейменова, Анатолий Островский тұрақты комиссиялардың төрағалары қызметін атқарды.

Төлен ТІЛЕУБАЙ

I шақырылым депутаттарының алдында астаналықтармен өзара іс-әрекетті жөнге келтіру, қолданыстағы заңнама мен еліміздің Конституциясына сәйкес шешілуі тиіс өзекті мәселелерді анықтау міндеті тұрған еді. I шақырылымдағы қалалық мәслихаттың 47 сессиясы өтті, осы жиындарда 260 мәселе талқыланды. Атап айтқанда, алғашқы мәслихат қабылдаған нормативтік актілер жас елордамыздың дамуындағы түйткілді мәселелердің барынша дұрыс және қолайлы шешу жолдарын пысықтап, оны әзірлеуге мүмкіндік берді.

I шақырылымдағы мәсли-

мерциялық құрылымдардың жұмысшылары сайланды. Соның ішінде 5-еуі өткен шақырылымның депутаттары болатын. Бұл шақырылымда мәслихат төрағасы қызметін екі адам – Александр Демидов пен Вера Лукьянец атқарды. Сайлаубек Байболов тексеру комиссиясының төрағасы болды. Ал Николай Мещеряков, Әміржан Әлпейсов, Бақыт Сыздықова, Болат Қуанышев тұрақты комиссияларды басқарды.

II шақырылымдағы депутаттардың басты қызметі жас астананың белсенді құрылыс кезеңімен, елордада экономикалық және әлеуметтік реформаларды жүргізумен ерекшеленді. Сессияларда депутаттар астананы абаттандыру, қажетті инфрақұрылымды дайын-



I шақырылым депутаттарының алдында астаналықтармен өзара іс-әрекетті жөнге келтіру, қолданыстағы заңнама мен еліміздің Конституциясына сәйкес шешілуі тиіс өзекті мәселелерді анықтау міндеті тұрған еді. I шақырылымдағы қалалық мәслихаттың 47 сессиясы өтті, осы жиындарда 260 мәселе талқыланды

25 сайлау округінен 177 үміткер ұсынылды. Соның ішінде 54-і саяси партиялардан, 6-уы қоғамдық бірлестіктерден, 117-сі өзін-өзі ұсынушылардан болды. III шақырылымда сайланған мәслихат депутаттарының қатарында 4 ұлт өкілі, 6 әйел, 19 ер адам болды. Осы жолы мәслихат құрамында 2 ғылым докторы мен 1 ғылым кандидаты еңбек етті. 11 депутат мемлекеттік мекемелердің, әртүрлі кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметкері болатын. Соның ішінде 11 адам – коммерциялық құрылымдардың жұмысшысы, 12 адам – II шақырылымның депутаты. Бұл шақырылымда мәслихат төрағасы қызметін Владимир Редкокашин атқарды.

2004 жылы ел Парламенті «Жергілікті мемлекеттік басқару туралы» заңға түзетулер енгізіп, қабылдады. Бұл түзетулер мәслихаттың өкілетін одан әрі нақтылап берді. Депутаттық корпусың алдында жергілікті өзін-өзі басқару саласындағы күрделі мәселелерді шешуге қосымша мүмкіндіктер тетігі ашылды. Депутаттар белсенді жұмыс жүргізілуі тиіс бағыттарды нақтылап, қарапайым халықтың өткір проблемаларын шешудің

Мәслихатта депутат ретіндегі жұмысымда мен, негізінен, қаланың әлеуметтік дамуына көп күш саламын. Оған барлық астаналықтың лайықты өмір сүруін қолдау мәселелері, соның ішінде әлеуметтік ахуалы төмен отбасылардың жағдайы, жайлылық пен қауіпсіздік деңгейін қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жатады.

ХАЛЫҚ ҚОЛДАУЫ КҮШ БЕРЕДІ

Мен мәслихаттың әлеуметтік-мәдени комиссиясы құрамындамын, бұл жерде біз апта сайын аталған мәселелерді қарап, қала тұрғындарымен кездесеміз, атқарушы органдарға беруге ұсыныстар әзірлейміз. Астананың басты ерекшелігі – оның жылдам қарқынмен өсіп келе жатқаны. Республика бойынша көші-қон көрсеткіші ең жоғарысы – елорда. Қазіргі таңда қала халқының саны 1 млн 450 мың адамға жетті. Жыл сайын еліміздің түкпір-түкпірінен қалаға 50 мыңға жуық адам оқуға, жұмыс істеуге көшіп келеді. Көші-қонның мұндай қарқынды қаланы жоспарлау және халықты жайлы, қауіпсіз өмірмен қамтамасыз етуге сын-қатер туындайды. Сондықтан жұмыстың мынадай бағыттары депутаттар жұмысында басымдыққа ие. Бірінші мәселе – әлеуметтік қамсыздандыру. Бұл ретте жұмысқа орналастыруға көмек беру, жұмыссыздар мен еңбек нарығында жұмыс істемейтіндерге жұмыс тауып беру – өте маңызды міндет. Қазір Астанада жұмыспен қамту органдарында 4 мың жұмыссыз адам тіркеуде тұр. Екінші мәселе – баспанамен қамтамасыз ету. Бүгінде 50 мыңға жуық адам қалада үй кезегінде тіркелген. Бұл азаматтар – қазіргі кезеңде тамақтану, баспаналы болу және бастапқы мемлекеттік қолдауды қажет ететін тұрғындар. Үшінші мәселе – әлеуметтік сақтандырумен қамтамасыз ету. Бүгінде медицина ұйымдарында тіркелмеген 250 мың адам бар. Олар осы себепті толықтай медициналық көмек ала алмайды, оларға тек шұғыл көмек қана қолжетімді. Халық саны өскен сайын азаматтарды базалық қызметтер және басқа да игіліктермен қамтамасыз етуді уақытылы бақылап, жұмыссыздық пен кедейліктің өсуіне жол бермеу керек. Ал отбасылар мен балалар туралы айтқанда, мектепте орынмен қамту мәселесі шығады. Соңғы бірнеше жылда бұл мәселе депутаттардың үнемі бақылауында. Дәл қазір де бұл мәселе өткір тұр. Осы мақсатта алдағы жылдары 35 жаңа мектеп салу көзделуде.

2021 жылдың мамыр айынан бастап «Даму бала» деген өте жақсы бағдарлама отбасы бюджетіне қосымша жүктеме түсірмей, балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз етеді. Бүгінде осы бағдарлама шеңберінде балалар үйірмелер мен түрлі шығармашылық, спорттық бағыттағы секцияларға барады. Бұл бағдарлама ұдайы бақылауды және ұсынылатын қызметтер сапасын жақсартып отыруды қажет ететіндіктен, ол депутаттардың үнемі қадағалауына алынған.



Жұмыстың келесі бағыты – «Жайлы және қауіпсіз қала». Халық санының жылдам өсуі тұрғын үй, жол, көпір салу, қолданыстағы инфрақұрылымды қайта құруды қажет етеді. Депутаттар корпусы қаланың бас жоспарын, тұрғын үй қоры реновациясы бағдарламасын және басқа да қала кеңістігін дамыту мәселелерін қарастырады. Сонымен қатар апатты және ескі үйлерді бұзу, тұрғындарды көшіру мәселесі де назардан тыс қалмайды. Сайлаушыларымыздың атынан шыға отырып, біз, қаланың қарқынды өсуіне қарамастан, қалалықтардың жайлы да қауіпсіз жағдаймен қамтамасыз етілуіне бар жағдай жасауға ұмтыламыз.

Жеке өз басым халықтың негізгі қажеттіліктерін қамтамасыз ету, міндетті гүлзарлар пен парктер салу ісіне жетекшілік етемін. VI шақырылым кезеңінде жүзеге асқан пайдалы жобаның бірі – үйлерге газ тарту. Мәселен, Сарыарқа ауданында 5000 жер үйге газ тартылды. Бүгінде бұл тұрғындардың арзан, қолжетімді әрі қоршаған ортаға зияны аз отынды қолдануына мүмкіндік береді. Сондай-ақ депутаттар бастамасымен енген «Сергек» жобасын атап өткім келеді.

Әрине, бұл қызметтің де өз қиындығы болады. Барлық қолға алынған жоба ұзақ уақытқа созылатын талқылау мен ұдайы жетілдіруді қажет етеді. Осы ретте менің өткен шақырылымдарда депутат болған кездегі жинаған тәжірибем жобалардың болашағын бағалау және талқылау кезінде біраз септік етеді. Бірақ соған қарамастан әрбір жаңа жоба сайын қайтадан соған дендеп еніп, мүлдем басқа мәселелермен айналысуға тура келеді. Депутаттық қызмет өзіңнің негізгі жұмысыңнан бөлек істерге қосымша уақыт пен күш салуды қажет етеді. Шыны айтқанда, осы бір маңызды міндетімді атқаруда маған жақындарым мен туыстарымның, әріптестерімнің түсінігі мен қолдауы қатты көмектеседі.

Алтыншаш ТАБУЛДИНА,
Астана қалалық мәслихатының депутаты,
№5 қалалық емхана директоры



хат Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің қарауына Қазақстан Республикасы елордасының атауын өзгерту туралы, сондай-ақ бас қалада Алматы, Сарыарқа аудандарын құру туралы ұсыныс енгізді. Қаладағы екі ауданның шекарасы белгіленді. Сонымен қатар I шақырылымдағы Мәслихаттың шешімімен Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентіне «Астана қаласының құрметті азаматы» атағы берілді.

25 ДЕПУТАТ САЙЛАНДЫ

1999 жылы 10 қазанда Астана қаласының II шақырылымдағы мәслихат депутаттарының сайлауы өтті. Бұл жолғы саяси науқанға 25 сайлау округінен 147 үміткер қатысты. Осы 147 адамның 37-сі саяси партиялардың, 8-і қоғамдық бірлестіктердің өкілі болды, 96 адам өзін-өзі ұсынды. Сайып келгенде, 147 үміткердің арасынан II шақырылымға 25 депутат сайланды. Олардың қатарында 7 әйел, 18 ер адам болды, депутаттардың бәрінің жоғары білімі бар, ал 10 депутат «Отан» республикалық саяси партиясының мүшесі болды. Мәслихат құрамына 5 дәрігер, 3 педагог, 12 ком-

дау, тұрғын үй құрылысы, жолдарды жөндеу сияқты мәселелерді шешумен айналысты. Депутаттар елорда тұрғындары үшін қолайлы жағдай жасауға, астаналықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған әлеуметтік және экономикалық даму бағдарламаларын бекітті. Олардың ішінде көлік инфрақұрылымын жетілдіру, ескі тұрғын үйлерді жеделдетіп бұзу, шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдау, ипотекалық несиелеуді және тұрғын үй құрылысын ілгерілету, 2010 жылға дейінгі Астана қаласының орталықтандырылған жылумен қамтамасыз ету жүйесін дамыту және тағы басқа өзекті ұзақмерзімдік бағдарламалар болғаны мәлім.

Астана қаласы мәслихатының 2001 жылғы 23 мамырдағы шешімімен жапон сәулетшісі Кисе Куракаваның басшылығымен жапон халықаралық ынтымақтастық жөніндегі агенттігінің зерттеушілер тобы жасаған Астана қаласын дамытудың бас жоспары мақұлданып, Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге ұсынылды. Жалпы алғанда, II шақырылымдағы қалалық мәслихат 50 сессия өткізіп, сол жиындарда астаналықтар үшін аса маңызды 256 мәселені талқы-

лады. Әлбетте, мұның бәрі қазір тарих болып қалды.

33 БАҒДАРЛАМА БЕКІТІЛДІ

2003 жылғы 20 қыркүйек пен 12 қазанда Астана қаласының III шақырылымдағы мәслихат депутаттарының сайлауы өтті. Депутаттыққа



I шақырылымдағы мәслихат Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің қарауына Қазақстан Республикасы елордасының атауын өзгерту туралы, сондай-ақ бас қалада Алматы, Сарыарқа аудандарын құру туралы ұсыныс енгізді. Қаладағы екі ауданның шекарасы белгіленді

оң амал-әдісін тапты. Осыдан кейін Астана тұрғындары халық қалаулыларының көмегіне жүгінуге белсенділік танытты. Бұл қала басшылығы жүргізіп отырған саясаттың дұрыстығын, тиімділігін аңғартты.

III шақырылымдағы қалалық мәслихаттың 51 сессиясы өтіп, 413 мәселе талқыланды. Соның ішінде бас қаланы әлеуметтік-экономикалық дамытуға арналған 33 өңірлік бағдарлама бекітілді. Олардың қатарында 2005-2007 жылдарға арналған тұрғын үй құрылысын дамытуға арналған бағдарлама, Астанада қоғамдық тәртіп пен құқықтық мәдениетті қамтамасыз ету жөніндегі бағдарлама бар. Сондай-ақ елордадағы мұқтаз азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету ережесі, абаттандыру, санитарлық жабдықтау, жинау жұмысын ұйымдастыру және Астана аумағында тазалықты қамтамасыз ету қағидалары, жасыл көшеттерді күтіп ұстау мен қорғау қағидалары бекітілді. Астана қаласы әкімдігі мен мәслихатының 2008 жылғы 7 желтоқсандағы бірлескен шешімімен 6 шілде Астана күні болып белгіленгені білеміз. Мәслихат тарихы – елорданың жылнамасы.

ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН СЕМИНАР

Елорданың студент жастарына арналған репродуктивті денсаулық бойынша семинар өтті. Семинарды қалалық Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма мен әкімдік жанындағы әйелдер істері және отбасы-демография саясаты жөніндегі комиссия ұйымдастырды.



Айгүл УАЙС

Қала бойынша «Astana Polytechnic» жоғары колледжі, Астана қаласы жоғарғы көлік және коммуникация колледжі, М.Тынышпаев атындағы

Қазақ көлік және коммуникация академиясының Ақмола колледжі, «Тұран-Астана» университеті, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде өткен семинарда жоғарғы санатты дәрігер акушер-гинекологтар дәріс оқыды. Маман-

дар жастардың репродуктивті денсаулығы, жыныстық жолмен берілетін аурулар, отбасын жоспарлау, жасөспірім жастағы жүктілік мәселелері жайында айтты. Іс-шараның мақсаты – студенттерге репродуктивті денсаулық туралы жан-жақты ақпарат беріп, көкейінде жүрген сұрақтарға жауап беру.

– Біріншіден, балалардың алдында барлық мәселені ашық айту керек. Екіншіден, ер бала мен қыз баланың арасындағы қарым-қатынас, олардың жауапкершілік алуы секілді тақырыптар қозғалуы қажет. Қазіргі кезде жастардың бәрі көзі ашық, көкірегі ояу әрі сауатты, білімді. Сонда да білікті мамандардан нақты мәселелер тұрғысында неғұрлым дұрыс әрі мол ақпарат алып, көп айтса, өмірде кездескен қиындықты еңсере алады. Негізінен, бұл тақырыпты үйде балаға ашық айтып үйреге бастау керек. Мұндай отырыстарды айына бір рет ұйымдастырып тұрған жөн. Өйткені жиі болған сайын оның пайдасы да көбірек болады. Ал бұл тақырып жабық болса, жастардың да қызығушылығы арта береді, – деді дәрігер-педиатр Гүлнәр Қулушева.

БҰЗАҚЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛАДЫ

Астанада вандализмге қарсы «Тоқтал, вандал!» акциясы өтті. Іс-шараның өтуіне Байқоңыр ауданы әкімдігі, қалалық Полиция департаментінің есірткі қылмысына қарсы күрес басқармасы, Жастар саясаты мәселелері басқармасы және «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының волонтерлері ұйытқы болды.

Индира БЕРЖАНОВА

Акция қала мүлкін қорғауға, қоғамдық орындарда тәртіпті сақтауға бағытталды. Бөтеннің мүлкін қасақана бүлдіру әкімшілік жауапкершілікке әкеп соғады. Вандализм жасағандар жазасыз қалмайды.

«Вандализм қоғам мүлкіне зиян тигізу ғана емес, тұрғындардың қауіпсіздігі мен жайлылығына қауіп төндіретінін ескерген жөн. Бұл акция қоғамдық мүлктің бүлінуіне жол бермеуді, сондай-ақ азаматтардың санасы мен жауапкершілігін арттыруды насихаттайды. Жалпы әрбір азамат қала тазалығына немқұрайды қарамауы қажет. Әсіресе жастар вандализм әрекетінің алдын алып, таза әрі



қауіпсіз орта қалыптастыруға атсалысқаны дұрыс» деді «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының маманы Сұлтан Өмірғалиев.

Акция қалада дәстүрлі түрде волонтерлердің қатысуымен өтеді. Солардың бірі Ерасыл Төлөнді мұндай іс-шараға үнемі атсалысатынын айтты.

«Саябақтар, аулалар, көшелердегі мүлкті бүлдіретін бұзақылықтың алдын алу бойынша тұрақты негізде

Астанада алдын алу бойынша жұмыс жүреді. Оның барысында есірткіні жасырын, бүркемелеп насихаттауға тырысатын көше жарнамалары жойылады. Нашақорлардың көбейе түсуіне есірткіні таратушы мен сатушылардың, насихаттаушылардың үлесі мол. Соңғы кездері оған жасөспірімдер тарапынан қызығушылық байқалады. Сондықтан осындай акция барысында жастарды бұзақылыққа қарсы тұруға шақырамыз» деді волонтер.

ТЕГІН ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТЕДІ

Астанада қалалық Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы еріктілер бірлесіп, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мобильді топ» жобасы аясында қала тұрғындарына тегін заңдық көмек көрсетті. Халық арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алуды түсіндіру мақсатында ұйымдастырылған бастама жыл соңына дейін жалғасады.



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті превенция басқарма бастығының орынбасары Уәлихан Құрамаев мобильді топтың басты мақсаты халықтың өзекті мәселелерін заңға сәйкес жедел шешуге ықпал ету екенін айтады.

«Астанада сыбайлас жемқорлыққа қарсы волонтерлік жобасы былтыр басталды. Қазіргі таңда 209 волонтер бар. Бұл жоба сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және түрлі мекеменің қызметіндегі ашықтықты арттыру саласында маңызды міндеттер қояды. Мобильді топтың негізгі мақсаты – азаматтардың заңдық кеңеске қол жеткізуін қамтамасыз ету және олардың өзекті мәселелерін заңға сәйкес жедел шешу. Осы жоба аясында адвокаттар, заңгерлер және құқық қорғау органдарының қызметкерлерінен тұратын мобильді топ халыққа тегін заң бойынша құқықтық кеңес беруді бастады. Алдағы уақытта қаламыздағы қалған 4 ауданда осындай жиын өткіземіз. Жалпы бұл бастама жыл соңына дейін жалғасады» деді У.Құрамаев.



ДЕПУТАТТАР АҒАШ ЕКТІ

Астана қалалық мәслихат депутаты, журналист Ләйла Сұлтанқызы «Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» атты республикалық экология акциясына қолдау көрсетті.

Экоакцияның «Өнегелі ұрпақ» деп аталатын төртінші аптасында қалалық мәслихат депутаты Ләйла Сұлтанқызы жанкүйерлерімен бірге Сарыарқа ауданында орналасқан «Ақжайық» тынымбағында жас көшеттер отырғызды. Бұл ауқымды іс-шараға 25-тен астам елордалық қырманда оқырман ағаштарын отырғызды.

– Сенбілік дегеніміз тек қана сенбі күні жұмыс жасау деген сөз емес. Президентіміз қаланы тазалау, көшет отырғызуға бір күндік іс-шара ретінде қарамау керек екенін айтқан болатын. Сондықтан өзімің Instagram-арнамада оқырмандарымды осы қаланы бірге көркейтуге, сөйтіп осы акцияға үлес қосуға шақырдым. Осыған орай, мына бір мысалды айта кетсем деймін. Бірде шетелде тұратын танысымнан хал-жағдайын біліп, «шетелде оқитын бала емін-еркін жүре ме, ол жақта қылмыс бар ма?» деп сұрадым. Сонда келіншек «біз өзіміз тұратын, баламыз оқитын қаланы лаптауға, бұзақылық жасауға ұяламыз» деп жауап берді. Бұл туралы соншалықты құрметпен айтқаны байқалып тұрды. Бұдан не түюге болады? Шынында, қала біздікі, балаларымыз осы аулада ойнайды, өзіміз осы жердің ауасын жұтып, суын ішеміз. Кішкене де болса туған жеріміздің тазалығы мен көркіне көңіл бөлейік. Өйткені тұрғындар кез келген жерге қоқыс тастама-са, болашақта біздің қаламызда да Жапониядағыдай қоқыс тастайтын жәшіктер болмауы, адамдар өз ауласына көшет еге бастауы мүмкін. Менің іс-әрекетімді көрген бала мені қайталайды, сөйтіп үлгі алуы мүмкін. Солайша үлес қосуымыз керек, – деді Ләйла Сұлтанқызы.

Акцияға өзі бастап, қолдау көрсеткен Ләйла Сұлтанқызының үлгілі ісіне үн қосқандардың бірі – журна-

листің әлеуметтік желідегі оқырманы, осы экоакцияға қолдау білдіре келген Бекболат Шерниязов.

– Мен Батыс Қазақстан облысының тумасымын. Қазір Астанада тұрамын. Әлеуметтік желідегі «Орал-Астана» деген тобымыздан «оралдықтар, Астанада жерлесіміз, қазақтың батыр қызы Мәншүк Мәметованың ескерткіші маңына ағаш егеміз» деген хабарламаны көріп қалдым. Әрі өзім Ләйла Сұлтанқызының әлеуметтік желідегі үндеуін көріп, бір-екі күрек тастасам да, пайдам тисін деп осы жерге келдім, – деді Бекболат Шерниязов.

Экоакцияға қатысушылардың арасында Ләйла Сұлтанқызының бастамасымен құрылған елордада сәби сүйісі келетін, мемлекеттік квотаға іліне алмаған келіншектерге көмектесуді, ЭКО-процедураларға демеушілік көрсетуді көздейтін «Mariyam» қорының емделушісі де бар болып шықты.

– Ләйла Сұлтанқызының әлеуметтік желідегі парақшасына жазылған оқырманының бірімін. Осы «Ақжайық» тынымбағында ағаш егіледі дегенді естіп, өз үлесімді қосуға келдім, – дейді Ақтау қаласының тұрғыны Райгүл Шаханова.

Астана қалалық мәслихатының депутаты Ләйла Сұлтанқызы акция аясында қалада 1 млн 100 мыңнан астам ағаш егілетінін айтты. Ал Сарыарқа ауданы әкімдігінің коммуналдық шаруашылығы бөлімінің бас маманы Ерден Бидановтың айтуынша, ауданға қарасты 6 аумақта 1000-ға жуық көшет отырғызылады. Ал «Ақжайық» тынымбағында 30 түп қарағай, үйеңкі, күл көшеттері отырғызылды.

Салтанат МҰРАТҚЫЗЫ

«Астанаэнергиятұтыну» ЖШС ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Астана қаласы бойынша департаментіне заңды тұлғалар үшін электр энергиясына тарифті 1 кВт/сағатына 38,35 теңгеден 31,45 теңгеге дейін, яғни 18 пайызға төмендету туралы хабарлама берді. Бұл туралы елорда әкімдігінің ресми сайты Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетіне сілтеме жасап хабарлады.

ЭЛЕКТР ҚҰАТЫ АРЗАНДАДЫ

Комитет мәліметінше, төмендетілген тариф 2024 жылғы 1 маусымнан бастап қолданысқа енеді. Тарифті төмендету ҚР ҰЭМ ТМРК аумақтық департаменттері реттелмейтін энергиямен жабдықтаушы ұйымдарды электр энергиясымен жабдықтау жөніндегі қызметтерге лицензиялардың қолданылуын жақында тоқтатқаннан кейін мүмкін болды. Бұл жұмыс Мемлекет басшысының делдал ұйымдары, оның ішінде тұтынушыларды электрмен жабдықтау тізбегіндегі өнімсіз делдалдарды жою жөніндегі тапсырма аясында жүргізілді.

«Тарифті төмендетудің алғы-

шарты тұтынушылардың (қаланың заңды тұлғалары мен бюджеттік ұйымдарының) реттелмейтін энергиямен жабдықтаушы ұйымдардан электр энергиясын кепілді жеткізушіге («Астанаэнергосбыт» ЖШС) ауысуы болды, бұл кепілді жеткізушінің көрсетілетін қызметтерінің көлемін ұлғайту жағына, тиісінше, тарифті төмендетуге әсер етті. Электр энергиясы қызметтерін үздіксіз алу үшін бұрын реттелмейтін жеткізушілерді пайдаланған Астана қаласының заңды тұлғаларының «Астанаэнергосбыт» ЖШС-пен жедел түрде тиісті шарттар жасасу мүмкіндігі бар» делінген комитет хабарламасында.

БАЛАЛАР ҮЙІНДЕ СЕНЫЛІК ӨТКІЗДІ

Экологиялық акция аясында Астана қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Василий Левит және елімізге танымал кәсіпқой боксшы, Рио Олимпиадасының чемпионы Данияр Елеусінов, ауыр атлетикадан әлем чемпионы Едіге Емберді сенбілік өткізді.



Спортшылар «Өнегелі ұрпақ» апталығы аясында Астана маңындағы «Светоч» балалар үйінің жанындағы орта мектепте сенбілік ұйымдастырды. Алдымен аула ішіндегі қоқыстарды тазалап, есік алдын сыпырып, өсіп кеткен арам шөптерді жұлып, гүлдердің түбін қопсытты.

«Таза Қазақстан» ауқымды экологиялық акциясының 4 аптасы «Өнегелі ұрпақ» ұранымен өтуде. Елорда бойынша белсенді қала тұрғындары ардагерлердің, балалар

мен қарттар үйлерінің аула-араларын тазалап, абаттандыруда. Айтулы экологиялық акцияға біз де өз үлесімізді қосуға тырысып жатырмыз. Әріптестеріммен ақылдаса келе Астана маңында орналасқан «Светоч» балалар үйіне келдік. Бұл балалар үйінде қазір 19 бала тәрбиеленіп жатыр» деді Астана қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Василий Левит.

«Светоч» балалар үйі жанындағы орта мектеп өз жұ-

мысын 1999 жылы қарашада Лилия Вениаминова Соловьеваның үш бөлмелі пәтерінде бастаған. Бүгінде балалар үйінің тәрбиеленушілері аудандық олимпиадаларға, байқаулар мен жарыстарға белсенді қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүр.

«Менің ойымша, бұл науқан – жақынына көмектесу мен оларды қолдаудың тамаша үлгісі. Біз жанымыздағы қарияларға көмектескенде, осындай қиын жағдайға тап болған балаларға қол ұшын созып, олар үшін ғана емес, өзіміз үшін де маңызды нәрсе жасаймыз. Жүрегімізде жылулық ұя салады. Біз осындай азғантай ғана жұмысымыз арқылы олардың көңілін көтердік деген үміттеміз. Балалардың көздеріндегі қуаныш біз үшін ең жақсы алғыс болды» дейді Рио Олимпиадасының чемпионы Данияр Елеусінов.



ФУТБОЛ ЖҰЛДЫЗДАРЫ АКЦИЯҒА ҚАТЫСТЫ

Астанада аты аңызға айналған футболшылар «Таза Қазақстан» экологиялық акциясына қатысты.

Елімізде өтетін «Super bol» жобасына арнайы келген, аты аңызға айналған футболшылар Коло Туре мен Фадига Халилу экологиялық акцияға қатысты.

Шетелдік футболшылармен бірге «Super bol» жобасының ұйымдастырушысы, елордалық мәслихаттың депутаты Давид Лория, Астана қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Василий Левит, сондай-ақ қазақстандық футбол федерациясының өкілдері «Футбол үйі» аумағында ағаш отырғызды.

«Қазақстанға футбол жобасына арнайы қонақ ретінде бірінші рет келдім. Тек жасыл алаңда ғана емес, қаланың экологиясын сақтау мақсатында ұйымдастырылған акцияға қатысқаным өте қуанышты-

мын. Бұған дейін де көптеген қалаларда болдым. Ал Астананың өзіндік әдемілігі бар. Тазалығы бір жолға қойылғаны көрініп тұр. Бастысы, мені сыйлап, шақырғандарыңызға қуаныштымын!» деді кезінде «Арсенал», «Манчестер Сити», «Ливерпуль» сапында доп тепкен футболшы Коло Туре.

8 сәуірде басталған «Таза Қазақстан: Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» акциясы аясында 29 сәуір мен 4 мамыр аралығында қарттар үйі, ардагерлер, қызмет барысында қаза тапқан құрық қорғау органдары қызметкерлерінің отбасы тұратын үйлер аумағын абаттандыруға бағытталған «Өнегелі ұрпақ» тақырыптық апталығымен жалғасып жатыр.

ҚОСЫМША ҚАРЖЫ БӨЛІНЕДІ

Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің отырысында елорданың 2024-2026 жылдарға арналған бюджеті нақтыланды. Құжатқа енген өзгерістермен қалалық Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Қайсар Маңқараев таныстырды.

Аманғали
ҚАЛЖАНОВ

Кірістерге тоқталған баяндамашы түсімдер жоспары ұлғайғанын, соның ішінде салықтық және салықтық емес түсімдер, негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер жоспары көбейгенін атап өтті. Ал шығыстар қаланың басқармалары мен департаменттері, қала аудандары арасында бөлінді.

Атап айтқанда, Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасына мерекелік төлемдерге, жәрдемақы алушылар санының ұлғаюына және АЕК айырмашылығына байланысты, мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға және әлеуметтік қолдауға, 2400 адамға үйде көрсетілетін әлеуметтік қызметтерге 5 млрд 595,2 млн теңге сомасында қаражат көзделген.

Білім басқармасына оқулықтарды сатып алуға және жеткізуге, орта білім беру мемлекеттік ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыруға, 24 балабақшаны ағымдағы жөндеуге, ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстарына 4 млрд 792,8 млн теңге сомасында қосымша қаржы қарастырылды.

Мәдениет басқармасына мемлекеттік шығармашылық тапсырысты іске асыруға, «Салтанат қақпасы» монументін

ұстауға (аумақты жинау, мүлікті қорғау, бейнебақылау, «Әлем қабырғасы» монументіндегі LED экранына техникалық қызмет көрсету), ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер мен мәдениет ұйымдарының күрделі шығыстарына қосымша 1 млрд 984 млн теңге көзделді.

Дене шынықтыру және спорт басқармасына республикалық және халықаралық спорт жарыстарына түрлі спорт түрлері бойынша құрама командалар мүшелерін даярлауға және қатысуға, жан басына шаққандағы қаржыландыру бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырысқа, жасөспірімдер спорт мектептері үшін жабдықтар сатып алуға, мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған «Елорда» спорт клубының күрделі шығыстарына 3 млрд 667 млн теңге сомасында қосымша қаражат қарастырылды.

Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасына мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамытуға қосымша 103 млн теңге бөлінді.

Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасына көлік инфрақұрылымын дамытуға, қоғамдық көлік тасымалдаушыларының шығыстарын субсидиялауға қосымша 25 млрд теңге қарастырылды.

Коммуналдық шаруашылық басқармасына «ЕлордаEcoSystem» компаниясына нәсер кәрізін ұстауға, тазар-

туға, «Астана Су Арнасы» мекемесіне атмосфералық жер үсті ағындарын ағызатуға және газартуға, сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамытуға, нәсер кәрізін дамытуға қосымша 14 млрд 254 млн теңге көзделді.

Энергетика басқармасына жылу-энергетикалық жүйесі мен газ тасымалдау жүйесін дамытуға қосымша 2 млрд 117 млн теңге бөлінді.

Құрылыс басқармасына қаланы абаттандыруды дамытуға, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға және жайластыруға, білім беру және денсаулық сақтау нысандарын салуға және реконструкциялауға, халықтың әлеуметтік осал топтарына пәтер сатып алуға қосымша 11 млрд 823 млн теңге қарастырылды.

Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасына қаланы абаттандыруды дамытуға, «Астана көгалдандыру құрылысы» ЖШС үшін 39 бірлік суару-жуғыш машиналар мен 50 бірлік арнайы техника сатып алуға қосымша 9 млрд 506 млн теңге көзделді.

Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасына білім беру нысандарын, жол-көлік инфрақұрылымын салуға, скверлер құрылысы және өзен арнасын реконструкциялауға, көппәтерлі тұрғын үй кешендерін және басқа да нысандарды салу үшін жер телімдерін сатып алуға қосымша 2 млрд 467,3 млн теңге бөлінді.

Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасына елді мекендерде құрылыс салудың бас жоспарларын әзірле-

уге қосымша 500,0 млн теңге қарастырылды.

Алматы ауданы әкімі аппаратына елді мекендердің санитариясын қамтамасыз етуге, жасыл желектерді ағымдағы күтіп ұстауға, абаттандыру элементтерін жөндеуге, аулаларды абаттандыруға (Сенатор, Қазанат-2) қосымша 6 млрд 370 млн теңге көзделді.

Байқоңыр ауданы әкімі аппаратына көше жарығын, орамшылқ және саябақ жарығын ағымдағы күтіп ұстауға, сәндік жарықтандыруды күтіп ұстауға, елді мекендердің санитариясын қамтамасыз етуге, қоғамдық кеңістіктерді ағымдағы жөндеу мен жайластыруға; жасыл желектерді ағымдағы күтіп ұстауға және басқа жұмыстарға қосымша 4 млрд 692 млн теңге бөлінді.

Есіл ауданы әкімі аппаратына осындай жұмыстарға қосымша 8 млрд 950 млн теңге, Нұра ауданы әкімі аппаратына қосымша 3 млрд 300 млн теңге және Сарыарқа ауданы әкімі аппаратына қосымша 2 млрд 595 млн теңге қарастырылды.

Полиция департаментіне еңбекақы төлеу қорына және аттестатталған құрамға тұрғын үй төлемдеріне қосымша 2 млрд 285,6 млн теңге көзделді.

Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасына инвестициялық қызметті дамытуға қамтамасыз ету (штат санын ұлғайту және мүлікті (көкөніс қоймасы) баланста қабылдау) жөніндегі қызметтерге, шағын және орта бизнес субъектілерінің несиелері бойынша пайыздық мөлшерлемелі субсидиялауға, «Астана-Тазалық» ЖШС және «Астана көгалдандыру құрылысы» ЖШС үшін арнайы техника сатып алу үшін лизинг бойынша міндеттемелерді өтеуге қосымша 2 млрд 594 млн теңге бөлінді.

Цифрландыру және мемлекеттік қызметтер басқармасына «Фотобейнетіркеу және бейнеталдау аппараттық-бағдарламалық кешенін құру және пайдалану» мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобасына (Сергек) қосымша 1 млрд 605 млн теңге қарастырылды.

Баяндамашы өз сөзінде халықтың әлеуметтік осал топтары үшін 1500 пәтер сатып алуға 24 719 780 мың теңге сомасына мемлекеттік бағалы қағаздар шығару жүзеге асырылатынын жеткізді. Енгізілетін өзгерістердің есебінен Астана қаласының 2024 жылға арналған нақтыланған бюджетінің жалпы көлемі 1 трлн 165 млрд 548 млн теңгені құрайтынын айтты.



«Қарызсыз қоғам» қаржылық сауаттылық курсына 2000-нан астам астаналық білімін жетілдірді. Онда қатысушылар отбасылық бюджетті есептеу, яғни кірістер мен шығысты салыстыру, депозит, кредит, ипотека сынды қаржы құралын басқарудың тиімді жолын үйренді. Біз Аманат партиясы мен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне хабарласып, жобаны іске асыру механизмі туралы сұрадық.

Нұрлат
БАЙГЕНЖЕ

ҚАНША АДАМ ҚАРЖЫЛЫҚ БІЛІМІН ЖЕТІЛДІРДІ?

2023 жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа Жолдауында «Қарызсыз қоғам» жобасын ел аумағында кеңейтуді Аманат партиясына тапсырды. Президенттің алаңдауына негіз бар. Өйткені екінші деңгейлі банктерге елдегі экономикалық белсенді азаматтардың 84 пайызында қарызы бар. Несиесін 90 күннен астам уақыт төлемеген борышкерлердің қарызы 1,4 триллион теңгені құрайды. Яғни 1,7 миллион адам қарызын уақытылы өтей алмай жүр. Мұның себеп-салдарын Аманат партиясы хатшысы Эльдар Жұмағазиевтен сұрадық.

– Тұтыну мәдениетінің қарқынды дамуы, адамдардың қаржылық сауатының төмендігі, қаражатты дұрыс жоспарлай алмай, табыс көзінің болмауы, табыс деңгейінің төмендігі, жыл сайынғы инфляция деңгейінің өсуі, азаматтардың алаяқтарға, қаржылық пирамидалар мен микроқаржы ұйымдарына алдануы, – деді партияның хатшысы.

2023 жылдың мамырында «Қарызсыз қоғам» жобасы елдің 8 өңірінде басталып, 65 мың адам өз қаржылық сауатын арттырды. 2024 жылдың 5 ақпанынан 17 облыс пен 3 мегаполисінде жалғасын тапты. Бір айда жобаға қатысушы адамдардың 3 легі курстан өтіп, 17,5 мың қатысушы қаржылық сауаттылығын арттырды. Жоба аясында 100-ден аса қаржы сарапшысы мен заңгер жұмыс істеуде. Оқыту курсының ұзақтығы – 5 күн.

– Алаяқтарға алданған 67 факті осы оқыту барысында анықталып, 103 қатысушы жеке тұлғаның банкроттығы туралы тиісті мекемеге құжат тапсырды. Сондай-ақ 319 тұлғаға бизнес-жоспар әзірлеуге қатысты кеңес берілді, 6 қатысушыға



ҚАРЫЗСЫЗ ҚОҒАМҒА ҚАЛАЙ АЙНАЛАМЫЗ?

жұмысқа тұру бойынша көмек көрсетілді. Бұдан басқа заңгерлердің көмегімен 115 нотариустың атқару парақтары күшін жойды, 34 бұғатталған шот шешілді, 104 қарызды өтеу бойынша кесте құрылды, 327 тағы да басқа заңгерлік кеңес беру жұмысы атқарылды, – дейді Эльдар Жұмағазиев.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі 2024-2026 жылдарға арналған Жол картасын әзірлеп, жыл сайын елдің барлық өңірінде кемінде 200 мың азаматты қаржылық сауаттылыққа оқытуды жоспарлайды екен. Әрине, оқу-тоқумен халықтың әлеуметтік мәселесі шешілсе жақсы ғой, бұған елдегі қымбатшылық, инфляцияға жаалақының жауап бермейтіні, мемлекеттік бағдарламалар жаппай қолжетімді болмауы халықтың қарыздануына әкелгенін мойындау керек.

ЖАСТАР ДА КУРСТАН ТЫС ҚАЛМАЙДЫ

Әлемнің озық елдері жас кәсіпкерді экономиканың негізгі драйвері санайды. Әсіресе, G20 мүше елдер жастарды бизнес дағдыларға бейімдеуге мән береді. Тіпті, жастар кәсіпкерлігін дамыту жұмыссыздық мәселесін шешеді деген ортақ ұстаным бар.

2023 жылдың тамыз айында Еуропалық Одақ елдерінде жұмыссыздық деңгейі 10 пайыздан жоғары болды. Мәселен, Испанияда 11,5 пайызды және Грекияда 10,9 пайызды құрады. Еуропаның бұл елдерінде адамдардың өмір сүру деңгейі біздікінен жоғары, кәсіпкерлікпен айналысуға ниетті жастар

КУРС 5 АҚПАҢНАН БАСТАЛЫП 10 БАҒЫТ БОЙЫНША РЕСПУБЛИКАДА 48 940 АДАМ БІЛІМІН ЖЕТІЛДІРДІ. ОНЫҢ ІШІНДЕ 2941 АСТАНАЛЫҚ СЕРТИФИКАТ АЛДЫ. КУРСҚА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ 41,44 ПАЙЫЗЫ – 18-36 ЖАС, 34,06 ПАЙЫЗЫ – 36-49 ЖАС, 23, 63 ПАЙЫЗЫ 50-63 ЖАС АРАЛЫҒЫН ҚАМТИДЫ. КРЕДИТ АЛҒАН ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ 27 ПАЙЫЗЫНДА 1 КРЕДИТ, 27 ПАЙЫЗЫНДА 2 КРЕДИТ, 43 ПАЙЫЗЫНДА 3 ЖӘНЕ ОДАН ДА КӨП КРЕДИТ, 3 ПАЙЫЗЫНДА 10 ЖӘНЕ ОДАН ДА КӨП КРЕДИТКЕ ИЕ

ды қолдаудың түрлі іс-шараларын қамтиды.

Осы ретте «Қарызсыз қоғам» жобасын жастарды қамту маңызды деп білеміз. Жастар қаржыны тиімді жұмсау және пайдалануды меңгерсе, әрі кәсіпкерліктің дағды-ережелерін үйренсе, табысты адамдарға айналады.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті директорының орынбасары Айгүл Қанатбаеваның сөзінше, қаржылық сауаттылықтың дағдыларын адамға жастайынан үйреткен дұрыс. 2024 жылдан бастап 2026 оқу жылының соңына дейін 5-11 сынып оқушыларын қаржылық сауаттылық негіздеріне оқытылады. Бұл бойынша 450 мың оқушыны оқыту жоспарланды. Оқу курсы «Жаһандық құзыреттер» және «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәніне енгізілетін болады. Мұғалімдерді қаржылық сауаттылық пәнін оқыту дағдыларына дайындау үшін маусым-тамыз айында Оқу-ағарту министрлігі педагогтарының біліктілігін арттырып, сертификат береді. Жол картасында студенттерді де қамтып, «Қаржылық сауаттылық негіздері» пәні арқылы 100 мың студенттің біліктілігін

арттыру жоспарланды.

Қаржы институттарынан тұтынушылық кредитті алғандар арасында жастар көп. Олар көбінесе кредитті Apple iPhone, планшет тағы басқасына шығындайды. Сондықтан жастарға тұтынушылық кредитті алуды қатаңдату маңызды.

Агенттіктің өкілі Айгүл Қанатбаева ойымызды құптап, ендігі уақытта 21 жасқа толмаған азаматтар жұмыс орнынан берілген анықтама немесе шәкіртақыны растайтын құжатсыз кредит ала алмайтынын айтты.

Парламент Мәжілісінің депутаттары кредит беру кезінде тәуекелдерді барынша азайту және қарыз алушылардың құқығын қорғау заңының жобасына бастамашыл болды. Бұл бойынша банктерге немесе микрокредит ұйымдарына 90 күннен астам мерзімде қарызы қалыптасқан азаматтарға тұтынушылық кредит беруге тыйым салу, қаржы институттары қарызды коллекторлық агенттіктерге сатуын шектеу, жаңа макропруденциалық норматив (Debt To Income) енгізіп, қарыз алушының жылдық кірісіне қатынасын есептеу және тағы басқа нормаларды енгізу көзделді.

Қазір алдымызда борышкерлердің жағдайын жеңілдету

және жақсарту мәселесі тұр. Бұл сұрақты Айгүл Қанатбаеваға қойдық.

– Кредиторлардың проблемалы қарыз алушылармен өзара іс-қимыл тәртібін регламенттеуді ұсынамыз. Бұл бойынша қарыз алушы немесе кредитор ұсынған қайта құрылымдау шарттары сыйақы мөлшерін төмендету, төлемді кейінге қалдыру, өтеу әдісін өзгерту, қарыз мерзімін ұлғайту, борыш жүктемесін азайтуға мүмкіндігі бар. Борышкер кредит төлемін мерзімінен кешіктірген жағдайда, қаржы институтына 20 күн ішінде хабарлауы тиіс. Банк өтінішті қабылдауға, тіркеуге және қарауға міндетті. Егер қарыз алушы банкпен немесе микроқаржы ұйымымен келісімге қол жеткізе алмаса, онда агенттікке жүгінуге құқылы, – деді ол.

КЕДЕЙШЛІКТЕН КӘСІП ҚҰТҚАРАДЫ

Абайдың: «Есектің артын

P.S: Қысқасы, «Қарызсыз қоғам» жобасының негізгі мақсаты – қазақ қоғамын қарызсыз етіп, адамдарды табысты етуге дағдыландыру. Бірақ, бұл үдеріс тек оқытумен шешілсе дұрыс қой! Өйткені жүйелі экономикалық реформаларсыз елдің алға ілгерілеуі, өркениет көшіне сай дамуы қиын.

жұсаң да мал тап» дегені адал еңбекті дәріптегені, бір кәсіптің меңгеруге шақырғаны. Рас, кәсіптің көзін тапқандар озды. Қазір отбасылық шаруашылықты дамытуға ниетті адамдар көп. Бірақ жолын біле бермейді. «Қарызсыз қоғам» жобасының бір бағыты – қарызға бағдар адамдарды шағын және орта бизнес түрін меңгеруіне жол көрсетеді.

– Кәсіп бастағысы келетін қатысушыға арнайы модуль ойластырылды. Қаржы сарапшылары тарапынан кәсіпті қолдауға бағытталған бағдарламалар туралы толық ақпарат беріледі. Қажет болған жағдайда бизнес жоспар жазуға көмек көрсетіліп, сүйемелдеу жұмысын жүргізеді. Ауыл тұрғындарына арналған «Ауыл аманаты», «Еңбек», «Бизнестің жол картасы – 2025», «Zhas Project» сынды бағдарламалар бар. Кәсіп бастағысы келетін адамдармен жеке жұмыс жүргізіліп, арнайы маркетинг және жүзеге асыру жоспары жазылады. Әдетте бизнес жайында білімнің болмауы, ішкі қорқыныш пен үрей қатысушының кәсіпті сәтті бастап, алып кетуіне кедергі келтіреді. Алайда жобаның қаржы сарапшылары қатысушының толық аяққа тұруына дейін сүйемелдеп, қажетті қолдау көрсетеді, – деді Эльдар Жұмағазиев.

Енді курсқа қатысып, нақты нәтижеге қол жеткізген бірнеше оқиганы келтіре кетсек, Орал қаласының тұрғыны өз туыстарына бірнеше рет кредит алып береді. Табысы 180 мың теңге, ал ай сайынғы кредит төлемі 253 мың теңгені құрайды. Кредитін өтеу үшін әртүрлі микроқаржы ұйымдарынан қарыз алады. Жоба барысында банктер мен микроқаржылық ұйымдарға хат жолданды. Несиенің жаңа кестесі құрылды, нәтижесінде ай сайынғы қарызы 95 мың теңгеге дейін азайды.

Түркістан облысында көпбалы жалғызбасты әйел ауылдағы мәдениет үйінде жұмыс істейді. Жалақысы – 132 мың теңге. Көпбалалы аналарға тағайындалған жәрдемақысы – 55 мың теңге. Kaspi Bank-те 1,2 миллион теңге, Halyk Bank-те 1,6 миллион теңге кредиті бар. Айлығының басым бөлігі кредит төлеуге, коммуналдық төлемге жұмсалады. Екінші деңгейлі банктерге 285 мың теңге мөлшерінде төлем жасайды. Өзінің ай сайынғы табысынан 100 мың теңгеді жоғары. Жобаға қатысу алдында 300 мың теңге кешіктірілген қарызы болды. Осыған байланысты шоттары бұғатталып, жалақысын ала алмай жүрді. Бұрынғы күйеуінен де алимент өндіре алмай келген-ді. Қаржы сарапшысы сот атқарушысымен жұмыс істеп, кейіпкердің бұғатталған шотын ашты. Ресми түрде ажырасуға арыз жазып, балаларға алимент тағайындалды.

АДАЛДЫҚ – БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

Жаңа замандағы мемлекеттік қызметшінің портреті – бұл құзыретті, кәсіби және адал қызметші. Ол халық пен қоғамның мемлекеттік билік институттары мен мемлекеттік қызметке деген сенімін нығайтуға бағытталған.

Мемлекет пен қоғам мемлекеттік қызметшіден өз міндеттерін орындау кезінде әдептілік, адалдық, әділдік, ашықтық және сыйабылық қағидаттарын басшылыққа алуы талап етеді. Себебі барлық уақытта да мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарабынан ерекше сенім білдіру болып табылады және мемлекеттік қызметшінің қызмет әдебіне жоғары талаптар қойылады.

Мемлекеттік қызметшінің мі-

нез-құлқы ең алдымен, ғасырлар бойы қалыптасқан мораль мен этиканың жалпы адамзаттық құндылықтарына сәйкес келуі тиіс. Бұл дегеніміз – жақсы тәрбие, яғни, жақсы мінез-құлық ұғымына сәйкес келетін адам дамуындағы ең жақсысын талдау және синтездеу қажет. Бұл отбасына, қоғамға және ұжымдағы мінез-құлыққа тікелей байланысты.

Алаш арысы Әлихан Бөкейхановтың «Ұлттың, жұртыңа қызмет ету – білімнен

емес, мінезден» деген мазмұны терең сөзі қанша заман өтсе де өзектілігін жоймаған. Демек, халықпен жұмыс істеу үшін жағымды мінез-құлық керек. Халыққа қызмет ететін адамдардың адалдығы мен әділдігі, өз жұмысына деген жауапкершілігі, қоғам мен азаматтардың сенімін туғызуы – әрбір мемлекеттік қызметшінің міндеті.

Қоғам мемлекеттік қызметші барлық күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін өзі жүзеге асыратын кәсіби қызметіне

жұмсайды, өзінің Отаны – Қазақстан Республикасына қалтқысыз әрі адал қызмет етеді деп сенім білдіреді. Мемлекеттік қызметтегі әрбір адам өз жұмысының барлық маңыздылығын сезіне білуі және өз елінің патриоты болуы тиіс.

Елбасы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Әділетті Қазақстан және Адал азамат» ұғымдары егіз құндылық ретінде әрдайым қатар жүруге тиіс. Шын мәнінде, адалдық жоқ жерде ешқашан әділдік болмайды. Әрбір адам ісі мен сөзі бір жерден шығатын Адал азамат болса, әділдік орнайды. Қазақстан – біздің жалғыз ғана Отанымыз. Оның іргесі

берік, керегесі қең, төрт құбыласы түгел болуы – өз қолымызда. Бабаларымыздан мирас болған ұлан-ғайыр жерді қорғау, оны өркендету – біздің перзенттік парымыз» деген болатын.

Ендеше мемлекеттік қызметші өзінің білімімен ғана пайда келтіріп қоймай, адамшылық тұрғыдан басқалар бой түзейтін үлгіге айнала білсе, қоғам арасында мемлекеттік қызметші туралы дұрыс пікір, оң көзқарас, айқын сенімділік қалыптасатыны күмәнсіз.

Динара ШАБДАНОВА,
Сот әкімшілігінің Астана қала-сы бойынша департаменті басшысының орынбасары, әдеп жөніндегі уәкілі

КІМ БОЛАСЫҢ?

Бұрын көбі дәрігер мен мұғалімдіктің жауапкершілігінен қашса, қазір екі мамандықтың мәртебесі көтеріліп тұр. Өйткені олардың жалақысы жоғары. Ал ауылға жас маман болып барсаң, көтермеақы мен тұрғын үйге ие де боласың.

Осы мамандықтармен қатар, мұнай-газ саласы маманы болу да – «өлмейтін» кәсіп. Бұрын ең құрметті, мерейлі мамандық саналатын заң факультеті де тұғұрдан түсіп тұрған жоқ. Кейбір талапкер үшін мұндай жерге оқуға түсу – кәдімгідей абырой. Ал қолы қысқалар облыстағы ауыл шаруашылығы мамандарын даярлайтын колледждерді қанағат тұтады.

Бұдан бірнеше жыл бұрын әр мектеп, колледжде барып, мамандық таңдау туралы үгіт-насихат жүргізілетін. Рас, қазір барлық жерде арнаулы орта білім беретін колледждер жетерлік. Материалдық-техникалық базалары да мықты. Жатақхана мен 3 мезгіл тамақпен қамтылады. Оқу да, тұру да тегін. Ауыл шаруашылығы мамандарын жоғалтып алмау үшін әрі ауылдан кеше келіп, қалалық жерде жылы кеңселерде қызмет істеуді армандайтын жасөспірімдердің «бетін бері қарату үшін» білім гранттары да көбейді. Стипендиясы да студент үшін қалтаны қанағаттандырарлық.

Бірақ әлі де ауыл шаруашылығы саласын таңдайтындар аз. Кеңшардан қалған кадрлар қартайды. Тіпті қалмады. Су шаруашылығының мамандары «тапшы». Былтыр, биыл облыстың кейбір аудандары мен ауылдарын су шайғанын есепке алсақ, гидротехниктердің де керектігі білініп қалды.

Жол салатын жастар да аз. Сондықтан жыл сайын жол жаңартқанымызбен, сапасыздығынан тозу жылдамдығы да



ҚАЙ МАМАННЫҢ БӘСІ БАСЫМ?

Қазіргі жастар мамандықтың беделіне емес, қанша ақша беретініне орай таңдайды. Заман сондай, материалдық игілік – бірінші орында. Сосын икемді жұмыс графигі мен орналасқан жері, ұжымдағы игі атмосфералық ахуал маңызды. Әке-шешесінің айтуымен грантпен оқып, амал жоқ, ұнамаған мамандықтың дипломын алғандар не магистратураға басқа мамандық бойынша тапсырады, не ақылы курстарды оқып алады, не шетел асып, мол табыс табудың жолына түседі.

жеделдеп барады.

Қазір қай мәселе де ең бірінші, қаржыға тәуелді. Білікті маман болғаныңмен, қаражатың болмаса, ештеңе жасай алмайсың. Алайда қаржы құйылып отырған салада маман жоқ.

Ал маман қайдан шығады? Әрине, бүгін-ертең мектеп бітірушілердің арасынан. Қазіргі ең сұранысқа ие мамандықтарды тағы бір санамалап шығайық.

2030 ЖЫЛҒА ДЕЙІН СҰРАНЫСҚА ИЕ ТОП-25 МАМАНДЫҚ АНЫҚТАЛДЫ

Еңбек ресурстарын дамыту орталығының сарапшылары кадрларға қажеттіліктің 2024-2030 жылдарға арналған орта мерзімді болжамын жасады, оның шеңберінде таяудағы жылдары неғұрлым талап етілетін мамандықтардың ТОП-25 тобы айқындалды.

P.S: Жақсы маман тек Астана мен Алматыда немесе шетелде оқиды деген қасаң стереотиптен арылу қажет секілді. Қарапайым мамандықтардың қай жерде де пысы басым, бәсі жоғары тұрса дейміз. Болашақ механизаторлар мен малшы мамандарын шетелге іс-тәжірибеден өткізуге, демалуға, тағы басқа да себептермен жылына бір рет шығарып тұру тұрақты түрде ұйымдастырылса. Сол кезде ғана жастардың ынты-сы артып, қызығушылығы оянады. Шынында да жұрттың баласы құсап жоғары оқу орнына түсе алмаса да, ауылдағы колледжде білім алған баланыз немесе қызыңыз шетел көріп, кез келген жерде құрметке ие болуын кім қаламайды дейсіз?!

ТОП СҰРАНЫСҚА ИЕ МАМАНДЫҚТАР:

- ✓ Есепшілер – 93 мың адам;
- ✓ Күзетшілер, инкассаторлар және соған байланысты кәсіптер – 77 мың адам;
- ✓ Дүкен сатушылары мен олардың көмекшілері – 77 мың адам;
- ✓ Жүргізушілер мен автокөлік жүргізушілері – 44 мың адам;
- ✓ Өлеуметтік ғылымдар бойынша орта мектеп мұғалімдері – 35 мың адам;
- ✓ Күтім бойынша орташа медициналық персонал – 33 мың адам;
- ✓ Мектепке дейінгі білім берудегі тәрбиешілер – 32 мың адам;
- ✓ Жаратылыстану ғылымдары бойынша орта мектеп мұғалімдері – 31 мың адам;
- ✓ Кеңсе қызметкерлері (жалпы бейіні) – 30 мың адам;
- ✓ Бастауыш сынып мұғалімдері – 26 мың адам;
- ✓ Мекемелердің, ұйымдар мен кәсіпорындардың бірінші басшылары – 24 мың адам;
- ✓ Жылжымайтын мүлікпен және басқа мүлікпен операциялар жөніндегі агенттер – 24 мың адам;
- ✓ Жүк көлігінің жүргізушілері – 24 мың адам;
- ✓ Такси жүргізушілері – 19 мың адам;
- ✓ Аспаздар – 19 мың адам;
- ✓ Дәнекерлеушілер – 17 мың адам;
- ✓ Фастфудтан басқа тез тамақтану мекемелеріндегі аспаздар – 17 мың адам;
- ✓ Басқа орта мектеп мұғалімдері – 16 мың адам;
- ✓ Құрылыс бөлімшелерінің басшылары – 15 мың адам;
- ✓ Шаһтараздар – 13 мың адам;
- ✓ Құрылысшылар-монтажшылар, құрылысшылар-әрлеушілер, суретшілер үстіндегі бригадирлер – 13 мың адам;
- ✓ Сантехниктер – 13 мың адам;
- ✓ Математика ғылымдары бойынша орта мектеп мұғалімдері – 12 мың адам;
- ✓ Аралас өнім өндіретін фермерлер мен жұмысшылар – 12 мың адам;
- ✓ Автобус жүргізушілері – 12 мың адам.

Дайындаған Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

ДАРЫНДЫ БАЛАЛАР ДОДАСЫ

Астанада 2-3 мамыр күндері «Robotek Grand Tournament – 2024» робототехникадан оқушылар арасындағы халықаралық чемпионат (бұдан әрі – Чемпионат) Қазақстан Республикасы Президенттік орталығының көпбейінді залы базасында Оқу-ағарту министрлігі «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының қолдауымен өткізілуде.



Чемпионатты Астана қаласы білім басқармасы, «Астана дарыны» дарынды балалар мен дарынды жастарды анықтау және қолдау орталығы, Astana IT University, Нұрсұлтан Назарбаев қоры және «Robotek» робототехника мектебі ұйымдастырып отыр. Чемпионаттың мақсаты – робототехника, инженерлік ғылымдар және бағдарламалау саласындағы дарынды оқушыларды анықтау және қолдау. Жастар арасында техникалық мамандықтарды дөрілтеу. Техникалық білім беру мәселелері-

не көпшілік пен мемлекеттің назарын аудару.

Чемпионаттың іріктеу кезеңдері барлық облыстар мен Астана, Алматы Шымкент қалаларында өтті. Ең мықты 127 команда, олар – республикамыздың аймақтарында өткен облыстық кезеңнің 230 жүлдегері және Қырғызстан, Тәжікстан елдерінің 18 қатысушысы елорда төрінде кездесіп, бақ сынады.

Чемпионат ең танымал 7 санат бойынша өтуде. Үшінші рет ұйымдастырылып отырған Чем-



пионатқа тәжірибелі төрешілер командасы қазылық етеді.

Екі күн бойы жас инженерлер берілген әрекеттерді орындауға қабілетті роботты құрастыру бойынша жарысады.

Жарыстың бірінші күні – Мерген (кіші жас), Кері сызық жарысы, Жеткізуші робот және Сұрыптаушы робот категориялары бойынша 74 команда (145 оқушы) сайысқа түссе, екінші күні – Мерген (жоғары топ); Robotek және Туды жеткізу категориялары бойынша 53 команда (103 оқушы) жүлделі орындарға таласады.

Чемпионат соңында барлық қатысушыларға сертификаттар беріледі, санаттар бойынша жарыс жеңімпаздары «Дарын» РҒПО-ның I, II, III дәрежелі диплом, медальдарымен және Чемпионат демеушілерінің бағалы сыйлықтарымен марапатталады.

Еліміздегі техникалық бағытты дамытуға ерекше ықпал ететін Чемпионат робототехника балалар үшін нағыз мереке ретінде есте қалмақ.

Отбасымның тұңғыш баласымын. Ата-анамның қолғанатымын. Соңымнан ерген, ізімді басатын, маған қарап бой түзеген қарындасым мен інім бар. Сондықтан да мен оқуда озат, өмірде табысты болуға барынша тырысамын.

Мен бала кезден математика-логикалық тапсырмаларды орындауға құштар болдым. Осы қызығушылығымды байқаған ата-анам мені шахмат үйірмесіне қатыстырды. Қазіргі кезде шахматтан 4-разряд алдым. Мектеп қабырғасында да ұстазым Айман Дәуренбекқызы менің қабілетімді байқап, соны шыңдау мақсатын-



АРМАН АЛАСАРМАЙДЫ

да көптеген дайындықтар жасады. 3-сыныпта аудандық, қалалық, Республика деңгейінде математика-логика бойынша өткізілетін «Алтын сақа» олимпиадасының аудандық, қалалық кезеңінің 1-орын иегері болдым. Биылғы жылы осы «Алтын сақа» олимпиадасы мен «Астана дарыны» ұйымдастырған пәндік олимпиадаларына қатысып, жүлделі орындарға ие болдым. Мектептен бос уақытымда шахмат, домбыра, ағылшын үйірмелеріне қатысамын. Домбыра ойнау маған жігер мен рух береді. Ағылшын

тілін білу көптеген ел мәдениетін танып білудің есіктерін ашады. «Жігітке жеті өнер де аз» дегендей, мен жан-жақты болып ержеткім келеді. Болашақта өз елімнің аты халықаралық деңгейде ғылыми бағытта жетістіктермен жазылғанын қалаймын. Сол үшін Илон Маск сияқты өзімнің техникамды шығарып, брендті қалыптастыру арманым бар. Мен арманым жетемін!

Айсұлтан ӘБЛҚАИР,
№38 Ә.Ермеков
атғындағы
мектеп-лицейдің
4 «ә» сынып оқушысы

10 | ТЕЛЕБАҒДАРЛАМА

№53 (4641) 04/05/2024 Сенбі

ДҮЙСЕНБІ

6 МАМЫР

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:30 «Күй-керуен»
7:00 «TANSHOLPAN»
10:10 «Құрсаудағы қыз». Телехикая.
12:10 «Әскери ант». Телехикая.
13:00 АҚПАРАТ
13:10 «Әскери ант». Телехикая (жалғасы)
13:30 «ӨМІР КӨРКЕМ». Тікелей эфир
14:30 «Отандық brand»
14:45 «Ақорда»
15:00 АҚПАРАТ
15:15 «Апта». Сараптамалық бағдарлама.
16:05 «Қанатсыз құстар». Телехикая.
18:00 «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». Телехикая.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «АШЫҚ АЛАҢ»
21:25 «ӘСКЕРИ АНТ». Телехикая.
22:15 «БАУЫРЛАР». Телехикая.
23:10 «1001 ТҮН»
0:45 «Ашық алаң»
1:35 «Сана»
2:45 «Өмір көркем»



05:00 КОМЕДИЯ. "СТАТУС БРЭДА"
07:00 ТИКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ "ОЯНИ"
10:00 "БІЗДІҢ НАЗАРДА"
10:25 МУЛЬТФИЛЬМ. "СПАСАТЕЛИ"
11:45 МУЛЬТСЕРИАЛ. "МЕГАМАТО"
12:00 ТЕЛЕХИКАЯ. "ТАҒДЫРҒА СЕН 2"
14:00 "ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА"
15:00 ТЕЛЕХИКАЯ. "ҰЛБОЛСЫН"
16:00 "КАПКАН ДҢЯ ЗОЛУШКИ"
18:20 НОВОСТИ
18:25 ТОК ШОУ. ИТОГИ
19:00 ЖАҢАЛЫҚТАР
19:25 ТОК ШОУ. ТАЛҚЫ
20:00 ТЕЛЕХИКАЯ. "ТАҒДЫРҒА СЕН 2"
21:45 ТЕЛЕХИКАЯ. "ҰЛБОЛСЫН"
22:30 ТИКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ "ХАБАРЛІКЕ"
23:30 "КАПКАН ДҢЯ ЗОЛУШКИ"

ASTANA TV

06:30 «Ене» үнді телехикаясы
07:10 «Жас қырандар 2» телехикаясы
08:10 «Маша и медведь» Мультфильм
09:00 «Осман 5» түрік телехикаясы
10:00 «По синим волнам» телесериал
12:40 «Шаньян ханшайым» телехикаясы
13:50 «Жас қырандар 2» телехикаясы
15:00 «Склифосовский 5» телесериал
17:00 «Серебряный бор» телесериал
20:00 «AstanaTimes»
21:00 «Осман 5» түрік телехикаясы
21:55 «Қорғаушы ханым»
23:30 «Шаньян ханшайым» телехикаясы
00:25 «Склифосовский 5» телесериал



6:00 «ЕҢ АЛҒАШҚЫ» бағдарламасы
8:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
9:00 «МОДНИЙ ПРИГОВОР»
9:45 «ЖДИ МЕНЯ»
14:00 «НОВОСТИ»
14:15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMİZ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:30 «100 ДНЕЙ СВОБОДЫ»
0:20 «ПО ЗАКОНОМ ВОЕННОГО ВРЕМЕНИ. БИТВА ЗА РОСТОВ».
2:25 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
2:40 «KÖREMİZ» бағдарламасы
3:25 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
3:50 «П@УТИНА» бағдарламасы



7:05 «ӘНІМ СЕН ЕДІҢ» (қайталау)
7:40 «ЖАТ ТҮЫСТАР», отандық телехикая.
9:25 «ПУТЬ К СЕБЕ» (повтор)
10:25 «ПАРАД ЮМОРА», шоу-программа
12:50 «СЫЩИЦЫ. НОЖ В СПИЗНУ»
15:00 «ӨРТЕНГЕН СЕЗІМ»
18:40 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ. КҮНДЕ».
19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20:00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу.
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21:40 «МАРУСЯ», мелодрама.
23:40 «ГОРЯЧИЙ», остросюжетный детектив.
2:10 «ПАРАД ЮМОРА» (повтор)
3:55 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ» (қайталау)
4:40 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ.КҮНДЕ» (қайталау)
5:20 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)



06:00 Әзіл студия
07:00 Kytin ALL
07:30 «31 әзіл»
08:30 TikTok show
09:00 Мультсериал «Маша и медведь»
09:30 Мультсериал «Команда «Мстители»
09:50 «Легендер» (повтор)
12:00 «Ханзада Жумонт» телехикаясы
15:00 «Стартрек: Возмездие» (повтор)
18:00 КИНО. Чау Бель Дин, Малик Диуф в боевике «Ямакиси»
